

**ТҮРКІТАНУ
ТҮРКОЛОГИЯ
TURKOLOGY**

ҒТАХР: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0009-1993-6304>

Таджиев Х.Х., Маханбетова М.Б.*

доктор PhD, доцент. М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

**АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖӘДИШІЛДІК ИДЕЯЛАРДЫҢ
ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЫҚПАЛЫ**

*Автор корреспондент: mereimakhanbetova@gmail.com

Түйін: зерттеуде ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы жәдидшілдік қозғалысының қазақ қоғамы мен ел аумағында ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына ықпалы тарихи-лингвистикалық және педагогикалық тұрғыдан талданады. Зерттеу барысында жәдидшілдіктің пайда болу алғышарттары, оның отарлық ассимиляциялық саясат жағдайындағы ағартушылық, мәдени және рухани жаңғыру құралы ретіндегі қызметі сараланады. Сонымен қатар, қозғалыстың қазақ зиялыларына, әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының дүниетанымы мен ағартушылық ұстанымына әсері айқындалады. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық мектеп моделін қалыптастыру, ана тілінде білім беру қағидатын негіздеу, қазақ әліпбиін реформалау және оқу құралдарын жүйелеу бағытындағы қызметін жәдидтік идеялар контекстінде кешенді зерделеуді мақсат еттік. Қазақ қоғамындағы отарлық білім саясатына ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының көзқарасын, оның жәдидтік идеяларды ұлттық мүддемен ұштастыру тәсілдері көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде жәдидшілдіктің қазақтың білім беру мен рухани өрлеуіндегі маңызды тарихи құбылыс болғаны және А.Байтұрсынұлының бұл үдерістегі шешуші рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде жәдидшілдіктің қазақ қоғамындағы білім беру мен рухани өрлеудің маңызды факторы болғаны, ал ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының бұл үдерістегі қызметі ұлттық білім философиясының негізін қалаған стратегиялық құбылыс екені тұжырымдалады.

Кілт сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, жәдидшілдік, ағартушылық, ұлттық білім беру, әліпби реформасы, төте жазу, дыбыстық әдіс.

МРНТИ: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0009-1993-6304>

Таджиев Х.Х.*, Маханбетова М.Б.*

доктор PhD, доцент. ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

магистрант, ЮКИУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

**ВЛИЯНИЕ ДЖАДИДСКИХ ИДЕЙ В ТРУДАХ АХМЕТА БАЙТҮРСЫНҰЛЫ
НА НАЦИОНАЛЬНУЮ СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Автор корреспондент: mereimakhanbetova@gmail.com

Аннотация: В статье анализируется влияние джадидистского движения конца ХІХ – начала ХХ века на формирование национальной системы образования в казахском обществе и на территории страны в историко-лингвистическом и педагогическом аспектах. В ходе исследования рассматриваются предпосылки возникновения джадидизма, а также его роль как просветительского, культурного и духовного инструмента в условиях колониальной ассимиляционной политики.

Особое внимание уделяется воздействию движения на казахскую интеллигенцию, прежде всего на мировоззрение и просветительскую позицию Ахмета Байтурсынулы. Целью статьи является комплексное изучение деятельности Ахмета Байтурсынулы по формированию модели национальной школы, научному обоснованию принципа обучения на родном языке, реформированию казахской письменности и систематизации учебных пособий в контексте джадидистских идей. В работе раскрывается позиция ученого по отношению к колониальной образовательной политике и показываются способы интеграции джадидистских принципов с национальными интересами казахского общества. В результате исследования обосновывается, что джадидизм стал значимым историческим фактором образовательного и духовного развития казахского общества, а деятельность Ахмета Байтурсынулы в данном процессе представляет собой стратегическое явление, заложившее основы национальной философии образования и определившее дальнейшие направления развития национальной школы.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынулы, джадидизм, просвещение, национальное образование, реформа алфавита, арабская графика, звуковой метод

IRSTI: 17.82.00

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

<https://orcid.org/0009-0009-1993-6304>

Tadzhiyev Kh.Kh., Makhanbetova M.B.

doctor PhD, Associate Professor, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

²Master's student, M.Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

THE INFLUENCE OF JADIDIST IDEAS IN AKHMET BAITURSYNULY'S WORKS ON THE NATIONAL EDUCATION SYSTEM

***Corresponding author:** meremakhanbetova@gmail.com

Abstract: This article examines the impact of the Jadid movement of the late nineteenth and early twentieth centuries on the formation of the national education system within Kazakh society and the territory inhabited by the Kazakh people from historical-linguistic and pedagogical perspectives. The study explores the preconditions for the emergence of Jadidism and analyzes its function as an educational, cultural, and spiritual instrument within the context of colonial assimilation policies. Particular attention is paid to the influence of the movement on the Kazakh intelligentsia, especially on the worldview and educational stance of Akhmet Baitursynuly. The aim of the article is to provide a comprehensive analysis of Baitursynuly's efforts to develop a model of national schooling, substantiate the principle of mother-tongue instruction, reform the Kazakh writing system, and systematize educational materials within the framework of Jadidist ideas. The paper also elucidates the scholar's position toward colonial educational policy and demonstrates how Jadid principles were aligned with the national interests and cultural specificities of Kazakh society. The findings substantiate that Jadidism became a significant historical factor in the educational and spiritual advancement of Kazakh society, while Baitursynuly's activity constituted a strategic intellectual phenomenon that laid the foundations for a national philosophy of education.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, Jadidism, enlightenment, national education, alphabet reform, Arabic-based script, phonetic method.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XX ғасырдың басында Қазақстанда Ресей империясының отарлық үстемдігі күшейіп, әкімшілік, діни және мәдени ықпал ету тетіктері арқылы жергілікті халықты орыстандыру мен христиандандыру саясаты жүйелі түрде жүргізілді. Осы жағдайға жауап ретінде жәдидшілдік (араб. جديد – «жаңа») қозғалысы пайда болды. Ол түркі-мұсылман халықтарының ұлттық санасын оятуға, тіл мен мәдениетті сақтауға бағытталған ағартушылық қозғалыс ретінде көрініс тапты.

Жәдидшілдіктің қазақ қоғамына енуіне татар ағартушылары мен реформаторларының,

әсіресе Ысмайыл Гаспиринскийдің ықпалы зор болды. 1883 жылдан бастап ол «Тәржіман» газеті арқылы түркі халықтарын бір тіл мен ортақ мүдде төңірегінде бірігуге үндеп, дыбыстық оқыту әдісін (усул-и савтия) енгізді. Бұл әдіс сауат ашу үдерісін едәуір жеделдетіп, бұрын үш жылда жазып-оқуды үйренген баланың бір жыл ішінде сауатты болуына мүмкіндік берді [1, 800 б.].

Қазақ зиялылары, соның ішінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы үшін жәдидшілдік – ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау және заманауи білім беру жүйесін қалыптастырудың тиімді жолы болды. Бұл қозғалыс дәстүрлі діни оқыту әдістерін (қадим) реформалап, оқу мазмұнына жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді енгізуді көздеді. Нәтижесінде империя көлемінде жаңа үлгідегі мектептер мен медреселер ашылып, «усули-жәдид» (жаңа әдіс) деп аталған оқыту жүйесі кең таралды.

Жәдидшілдер оқу мазмұнын ғана емес, оның материалдық-техникалық базасын да жаңартуға ұмтылды. Олар парталар, тақта, карталар сияқты оқу құралдарын қолдануды, пәндік жүйелеуді және тарих, география сияқты ғылымдарды оқытуды ұсынды.

Жәдидшілдік тек білім беру реформасы емес, сонымен бірге мәдени жаңғыру мен саяси сана-сезімді оятқан қозғалыс болды. Ол дін мен ғылымды ұштастырып, қоғамды өркениетті даму жолына бағыттауға ұмтылды. Осылайша, жәдидшілдік отарлық үстемдік жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудың және жаңғыртудың бейбіт әрі зияткерлік формасына айналды.

Бұл ғылыми зерттеу мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық білім беру үдерісінің қалыптасуына жәдидшілдіктің ықпалы талданып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының осы үдерістегі атқарған рөлі қарастырылады.

Теориялық талдау

Материалдармен әдістер

Зерттеу жұмысы тарихи-ғылыми және тарихи-салыстырмалы талдау әдістеріне негізделді. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жәдидшілдік идеяларды айқындау мақсатында мәтіндік талдау (textual analysis) және мазмұндық-контенттік талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер ғалымның «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларындағы, әліпби реформасына, оқу құралдарына және ұлттық мектеп мәселесіне қатысты еңбектеріндегі концептуалдық ұстанымдарды жүйелі түрде саралауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы әдіс жәдидшілдік қозғалыстың жалпы түркілік ағартушылық сипаты мен оның қазақ қоғамындағы ұлттық бейімделу ерекшеліктерін анықтау үшін пайдаланылды. Сонымен қатар зерттеуде жүйелеу және интерпретациялық талдау әдістері қолданылып, Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастары отарлық білім беру саясаты контекстінде қарастырылды.

Зерттеудің дереккөздік базасын Ахмет Байтұрсынұлының публицистикалық және ғылыми еңбектері, XX ғасыр басындағы тарихи құжаттар, сондай-ақ жәдидшілдік қозғалысқа қатысты отандық және шетелдік ғылыми зерттеулер құрайды. Зерттеу жұмысымыздың теориялық маңызы – жәдидшілдік қозғалыстың қазақ ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлін тілдік, педагогикалық және рухани-философиялық тұрғыдан кешенді түрде негіздеуімен айқындалады. Бұл еңбек Ахметтану, қазақ тіл білімінің тарихы, ұлттық педагогика және ағартушылық идеялар эволюциясын зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістерді тереңдетуге үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейінде қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Атап айтқанда:

– жоғары оқу орындарының филология, педагогика мамандықтарында оқытылатын «Ахметтану», «Қазақ тіл білімінің тарихы», «Алаш әдебиеті», «Ұлттық педагогика», «Білім философиясы» пәндерінің мазмұнын толықтыруда;

- магистратура мен докторантура деңгейіндегі «Алаш идеясы және ұлттық жаңғыру», «Тіл және ұлт», «Жәдитік ағартушылық дискурсы» атты элективті курстар әзірлеуде;
- орта білім беру жүйесінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы» пәндеріндегі ХХ ғасыр басындағы ағартушылық қозғалыстар тақырыптарын жаңаша интерпретациялауда;
- ұлттық білім беру тұжырымдамаларын әзірлеу барысында тарихи-педагогикалық сабақтастықты негіздеуде.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері қазіргі білім беру реформалары аясында ана тілінің басымдығы, ұлттық кодты сақтау, құндылыққа негізделген білім беру қағидаларын ғылыми тұрғыдан дәйектеуге мүмкіндік береді. Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған «халыққа жақын мектеп» моделі бүгінгі инклюзивті, тұлғаға бағдарланған, ұлттық мазмұндағы білім беру жүйесін қалыптастыруда өзектілігін сақтайды.

Нәтижелер мен талқылау

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Ресей империясының толық отарына айналып, дәстүрлі билік жүйелері жойылды. Би мен сұлтан институттарының орнына империялық болыстық-ояздық басқару енгізілді. Қарулы көтерілістердің нәтижесіз аяқталуы қазақ халқы үшін рухани және мәдени болмысты – тіл, дін, дәстүр мен ұлттық сананы сақтау басты күрес алаңына айналдырды.

Империя өз үстемдігін әскери және саяси ғана емес, мәдени, діни және білім беру тетіктері арқылы да жүргізді. Қазақ даласында орыс-түзем мектептері ашылып, Н.Ильминскийдің ұсынысымен қазақ әліпбиін кирилл графикасына көшіру жобалары қолға алынды. Осы кезеңдегі орыстандыру саясаты туралы профессор Т.Кәкішев «Қағидаға айналған қателер» еңбегінде патша өкіметінің білім беру жүйесін халықтарды ассимиляциялаудың негізгі құралы ретінде пайдаланғаны көрсетіледі. Онда: «мұсылмандық қозғалыс» жандана түскенін жазады: Патша өкіметі «Конечной целью образования всех и народов живущих в пределах нашего Отечества, бесспорно должна быть обрусение их и слияние с русским народом (Сборник распоряжений Министерства народного просвещения за 1870 год) деген саясатты қолданды. Соның нақты бір көрінісі Ильминский басқарған миссионерлік қоғамның іс-әрекеті. XIX ғасырдың аяқ тұсында Тәурат пен Інжілдің отызға тарта аңыз-әңгімелері қазақ тілінде жеке-жеке кітап болып шығып, қазақ даласында шоқындыратын орталықтар құрылды. Міне, осындай процесс күшейе түскенде «мұсылмандық қозғалыс» қазақ даласында жанданды. Мешіт ашып медресе салу ісі өрістеді. Жазба насихат та күшейді» [2,142].

Бұл ұлттық бірегейлікті жоюға бағытталған миссионерлік саясаттың айғағы еді. Осындай жағдайда қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі ерекше маңызға ие болды. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық рух пен тіл үшін күрестің көшбасшысы ретінде танылды. Ол 1913-1918 жылдары шыққан «Қазақ» газеті арқылы отарлық саясатты сынап, ұлттық білім беру жүйесінің қажеттілігін дәлелдеді. Бұл басылым отарлық кезеңдегі қазақ қоғамының пікір, бағыт және ақпарат алаңына айналды.

1914 жылы жарық көрген «Бастауыш мектеп» мақаласында Байтұрсынұлы екі түрлі мектептің – қазақша және орысша оқытудың – айырмашылығын талдай келе, ана тілінде білім берудің маңызын атап көрсетеді: «...Олардың пайдасын азайтып отырған бір-ақ нәрсе – қазақты орыстандырамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отыр...» [3,22]. Ғалымның пайымдауынша, бастауыш білім ана тілінде берілмесе, баланың дүниетанымы мен ұлттық санасы қалыптаспайды. Бұл тұжырым жәдитшілдіктің басты идеяларымен үндес: білім ұлттық тіл мен мәдениетке негізделуі тиіс.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы білім беру жүйесі ең алдымен ұлт мүддесіне қызмет етуі қажет деп санады. Патша үкіметі үшін қолайлысы – бодан халықтардың «жазуы, тілі мен дінін бір ізге түсіріп, орысқа сіңіру» болғанын ашық жазды. Сол себепті ұлт ұстазы

мектептердің миссионерлік ықпалдан, саяси идеологиядан таза болуы керектігін ескертіп, отарлық білім беру саясатының шынайы ниетін әшкерелейді: «Бастауыш мектеп миссионерлік пікірден, политиканың суық қолдан тыныш боларға керек» [3,23] – деп жазды.

Кеңес дәуірінде «қазақ халқының сауатты болуына кеңес өкіметі ғана себеп болды» деген қате түсінік тарады. Алайда Байтұрсынұлы еңбектері қазақтардың сауаттылық деңгейі орыстардан жоғары болғанын баса айтады: «Бұл күнгі ауыл мектептерін мектепдеп айтуға келмес. Оқуға қажетті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат танушылардың пайызы мұжықтардан жоғары. Бұл күнде тек хат жазабілетін қазақтардан бастап газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәріде сондай мектептерден оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандармыз. Бұдан: бүгінгі мектептер мұншама жайсыз, күйсіз қалпында халық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасына қарағанда көбірек жайып жатқаны, осы мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі» [3,21].

А. Байтұрсынұлының тұжырымынан оның халықтық мектеп идеясын терең мән бергенін көрсетеді. Ол білім беру жүйесінің тиімділігі ең алдымен ана тілінде оқытудан басталатынын дәлелдеп, ұлттық мектептің өміршеңдігі мен тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды. Себебі «екі класты школ бітіргендер елде бір-екі жыл тұрса, оқығанның көбінен айрылып, оқымағандармен бірдей болып қалады Бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой». Осы арқылы ғалым халыққа жақын, тұрмысқа бейім білім берудің ғана нағыз прогрестің кілті екенін айқындайды: «Бүгінгі заманда хат танымаған адамның күйі, тілі я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей, мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білімәрі қарай оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек» [3,21].

Ахмет Байтұрсынұлы бастауыш білім мазмұнын ұлттық негізде құрудың нақты үлгісін ұсынды. Оның пікірінше, «Бастауыш мектепте үйретілетін пәндер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» [3,24]. Бұл көзқарас оның жәдидшілдік идеяларымен сабақтастығын дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқын жаппай сауаттандыру ісін өмірлік мұрат етіп, әр баланы жазуға, оқуға баулуды басты мақсат санады. Ол өз еңбектерінде халықтың білімсіздігін ұлттық дамудың ең үлкен кедергісі ретінде бағалады. «Айқап» журналының 1911 жылғы №2 санында жарық көрген «Қазақ өкпесі» мақаласында ғалым жазудың адам өміріндегі маңызын ерекше атап көрсетіп, сауатсыздықтың ұлтты мешеулікке ұрындыратынын ашық жазады. «Олжалы жерде үлестен, ордалы жерде орыннан қағылуымыз – бәрі надандықтың зардабы» деп, ол өз халқын оқу-білімге, ғылым мен мәдениетке ұмтылуға үндейді [4].

Сауаттылық мәселесіне арналған «Қай әдіс жақсы?» мақаласында ол сауаттылықтың негізі жазу екенін атап өтеді: «Оқи біліп, жаза білмейтін адам шала сауатты, ал жаза білетін адам міндетті түрде оқи алады. Демек, сауаттылықтың негізі – жазу» [3,43]. Осы ой оның әліпби реформасына негіз болды.

Ұлттық білім беруде әліппе баланы оқу мен жазуға үйретеді деп, әліппенің мақсатына қынадап берген. Оның мақсаты хат таныту, жазуға үйрету және жазылған сөзді оқуға үйрету. Осы тұста ұлт ұстазы «Әліпби қандай болу керек?» деген сұрақ, қойып қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келетін араб негізді жазуды жасады

1910 жылдары Байтұрсынұлы араб графикасын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеуге кірісіп, 1912 жылы «Оқу құралы» атты әліппесін жариялады. 28 таңбалы араб әліпбиін қазақ фонетикасына сай 24 таңба мен бір дәйекшеге икемдеп, артық белгілерді алып тастады. Ішінде ешбір бөгде дыбысы жоқ, қазақтың ұлттық әліпбиі қолданысқа

енгізіледі [5]. Бұл жүйе оқу мен жазуды жеңілдетіп, қазақ тілінің үндестік заңына толық сәйкес келді.

Ол латын графикасына қарсы болып, араб жазуын ұлттық мәдениет пен дінмен біте қайнасқан жүйе ретінде дәріптеді: «Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай жоғалмайды»; «мәдени-рухани дүниеміздің қайнар көзі болып табылатын араб жазуы ислам дінімен біте қайнасқандығыменен бізге артық» деп баса көрсетіп отырады [5].

Сонымен қатар, араб жазуы үйренуге де, жазуға да жеңіл, себебі оның әріп формалары сөздің көрінісін айқын көрсетеді. «Араб әрпінің әріптері биік, аласа, ұзын-қысқа келіп, сөз әлпіне айқын сүгірет береді, тез танылады, тез оқылады», – деп жазады [3,51].

Араб жазуының эстетикалық сипатын да жоғары бағалайды: «Араб әрпімен жазылған сөздер көзге тез шалынады, көркемдігі жағынан да әдемі» [3,54]. Көзге жайлы болу жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жә басылған сөз оңай оқылса, сол әріп көзге зиянсыз жайлы болуға тиіс. Өйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын оқуға оңайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып өтті.

Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын реформалап, қазақ тіліне бейімдеген соң, бұл әліпби қазақ қоғамының оқу-ағарту ісіне толық жарайды деген қорытындыға келді: «Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді. Латын әрпінің араб әрпінен бадырайып тұрған артықшылығы жоқ. Сондықтан араб әрпін тастауға ешбір ділгерлік, ғылыми да, шаруашылық та себеп жоқ» [3,56]. Бұл пікір оның жәдидтік идеяның өзегіне – ұлттық негізді сақтай отырып, білім арқылы жаңғыру қағидасына сай келетінін дәлелдейді.

Ұлттық рух пен ділді сақтауды өмірлік мұраты еткен Ахмет Байтұрсынұлы әліпби түзуде де осы қағидаттан айнымаған. Ол араб жазуына негізделген қазақ әліпбиін кездейсоқ емес, терең мағынасы бар «*ар*» (ا) сөзімен бастаған. Бұл ұлт ұстазының әріп жүйесіне де ұлттық мән мен рухани астар бергенінің дәлелі. Ғалымның бұл ұстанымы түркі дүниесінің ежелгі қағидаларымен сабақтасып жатқанын айтады: Күлтегін, Тоныкөк, Білге қағандар дәуірінен бері түрік халқының болмысын айқындап келген үш қасиет – ар, намыс, ұят [6]. Демек, Байтұрсынұлының әліпбиін «ар» сөзінен бастау – тек тілдік шешім емес, ол ұлттың рухани өзегін, моральдық ұстанымын сақтап қалуға бағытталған терең символдық қадам еді. Бұл қазақ баласын ең әуелі арлы, намысты, ұятты болуға тәрбиелеудің тілдік әрі рухани көрінісі. Ұлт ұстазы үшін жазу мен оқу тек сауат ашу құралы емес, ең алдымен ар мен сана қалыптастырудың жолы болды. Сондықтан да оның әліпбиі ұлттық рухпен өріліп, әрбір әріп қазақтың дүниетанымдық мәнімен астасып жатыр.

Қорытынды

Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі мен жәдидшілдік идеяларды ұштастыруы қазақтың ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына зор ықпал етті. Ол ана тілінде оқытудың маңызын дәлелдеп, ұлттық мектептің өміршендігін ғылыми тұрғыда негіздеді. Ғалымның араб графикасына негізделген әліпбиі тек тілдік жаңалық емес, ұлттық рух пен дүниетанымның көрінісі болды.

Ұлт ұстазының ұстанымында жәдидшілдіктің өзегі – халыққа жақын, тұрмысқа бейім, ұлттық құндылықтарға сүйенген білім беру идеясы айқын байқалады. Ол оқу-ағарту ісін ұлтты оятудың, рухани тәуелсіздіктің басты тетігі ретінде қарастырды. Зерттеу нәтижелері Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық көзқарастары жәдидтік ағартушылықтың жай жалғасы емес, оның қазақ қоғамының тарихи-мәдени болмысына бейімделген ұлттық нұсқасы екенін дәлелдейді. Ғалым ұсынған ана тілінде білім беру, ұлттық әліпби қалыптастыру, пәндік жүйені ұлттық мазмұнда құру идеялары қазіргі ұлттық білім беру парадигмасының негізгі принциптерімен сабақтас келеді.

Талдау нәтижелерін негізге ала отырып, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі жәдидшілдік идеялар ұлттық білім беру жүйесінің тарихи бастауы ғана емес, оның стратегиялық даму бағдарын айқындайтын рухани-теориялық негіз деген қорытындыға келеміз. Ғалым мұрасын қазіргі білім беру үдерісіне ғылыми негізде енгізу – ұлттық білімнің тұтастығын, сабақтастығын және құндылықтық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты деп есептейміз. Болашақ зерттеулерде жәдидтік педагогикалық модель мен қазіргі білім беру реформалары арасындағы компаративтік талдау, сондай-ақ Байтұрсынұлының тілдік реформасының цифрлық дәуір жағдайындағы интерпретациясы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Атаева Д.П., Абдираманов С.Х. Национальные особенности движения джадидов в Туркестане / Д.П. Атаева, С.Х. Абдираманов. Текст: непосредственный // Молодой ученый, 2016. № 8 (112). С. 799-801. URL: <https://moluch.ru/archive/112/28778/>
2. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. Нәубет. Алматы, Жалын, 1990. 384 с.
3. Күзембаева В.Қ. (құраст.) Ұлттың ұлт ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайреткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы арналады. Алматы, Орталық ғылыми кітапхана, 2001. 267 с., суретті. «Ұлы тұлғалар» ғылыми-биографиялық серия.
4. «Байтұрсынұлы жазуы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиінің жарық көргеніне жүз жыл [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>
5. Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиі және жазу динамикасы [Электрондық ресурс]. Қолжетімді: <https://www.adyrna.kz/kk/post/141181>
6. Картабаева Е.Т. Джадидизм – движение за модернизацию ислама на рубеже XIX–XX веков // Вестник КазНУ: серия историческая, 2019, Том 94 № 3. С.72-81. ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. Алматы, Ел-шежіре, 2013. 384 с.
8. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.IV. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздері). Алматы, Ел-шежіре, 2013. 384 с.

Reference list:

1. Ataeva, D.P., Abdiramanov, S.Kh. Natsionalnye osobennosti dvizheniya dzhadidov v Turkestane / D.P. Ataeva, S.Kh. Abdiramanov. Tekst: neposredstvennyi // Molodoi uchenyi, 2016. № 8 (112). S. 799–801. Available at: <https://moluch.ru/archive/112/28778/>
2. Käkisev, T. Qağidaga aynalğan qateler. Näubet. Almaty: Jalyn, 1990. 384 p.
3. Kuzembaeva, V.Q. (qurast.). Ulttyń ult ustazy: Halkymyzydyń körnekti qoғam qaýretkeri, ғalym, aғartýshy Ahmet Baitursynovqa arnalady. Almaty: Ortalyq ғыlymi kitaphana, 2001. 267 p., suretti. «Uly tulғalar» ғыlymi-biografialyq seriiasy.
4. «Baitursynuly jazýy» atanghan Ahmet Baitursynuly álipbiiniń jaryq körgenine júz jyl [Electronic resource]. Available at: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/10394>
5. Ahmet Baitursynuly álipbiі jáne jazý dinamikasy [Electronic resource]. Available at: <https://www.adyrna.kz/kk/post/141181>
6. Kartabaeva, E.T. Dzhadidizm – dvizhenie za modernizatsiyu islama na rubezhe XIX–XX vekov // Vestnik KazNU: seriya istoricheskaya, 2019, Tom 94 № 3. S. 72–81. ISSN 1563-0269, eISSN 2617-8893
7. Baitursynuly, A. Alty tomdyq shyғarmalar zhynagy. T. I. Almaty: El-shezhire, 2013. 384 p.

8. Baitursynuly, A. Alty tomdyq shyǵarmalar zhynagy. T. IV. Álippeler men maqalar zhynagy (Tóte jazudaǵy túńǵysh álippeler jáne ulttyq baspázde jariyalanǵan kósemsózderi). Almaty: El-shezhire, 2013. 384 p.

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты-жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) **Маханбетова Мерей Бахытжанқызы** – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Қазақ филологиясы» мамандығының 1-курс магистранты, mereimakhanbetova@gmail.com